



# SYR

student jastar gazetі

# TÚLEGI

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№2 (427)  
22 сәуір, 2021 жыл

Тәуелсіздік – тұмарым!

## ТӘҢІР СЫЙЛАҒАН ТӘУЕЛСІЗДІК



Егемен елдің ұрпағы болып, өмір сүру бұл әрбір жанның арманы. Қазақ

елінің тәуелсіздік алғанына 30 жыл болды. Бұл айтулы мереке, себебі кей мемлекеттер үшін мәңгі қиял болып қалмақ. Бірінші Алланың, екінші қазақ деп жүрегі соққан аға-апаларымыздың ерлігімен жеткен жетістігіміз. Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира... еліміздің бостандығы мен Тәуелсіздігі үшін құрбан болды. Бұл тізімді шексіз жалғастыра беруге болады.

Қазақ елі 30 жылда тарихы бай, ежелгі мәдениеті және қайталанбас табиғаты бар ұлы мемлекет бола алды. Мұз боп қатқан алауды тұтатып, тәуелсіздік байрағын 1991 жылы мәңгілік тәуелсіз ел болу үшін көтерді.

Тәуелсіздік тұғыры беки түскен кейінгі жылдары ата-бабаларымыздан аманаты осынау жауһар жәдігерлерді уақыт талабына сай саналы ұрпақ игілігіне айналдырудың аса қажеттігін білеміз. Тәуелсіздік бізге татулықты сыйлады. Алғашқыда қазақ ұлтының саны 42 пайыз болғаны бәрімізге белгілі.



Жас мемлекеттің керегесін көтеріп, уығын қадауға басқа ұлт өкілдері де атсалысты. Көп ұлтты унитарлы мемлекет болу кемшілік емес екенін ұмытпаған жөн. Өз ұлтын сүюдің өзге ұлтты жек көру еместігін дәлелдедік.

«Тәуелсізбіз деп жариялағанмен, жаһандану талаптары туындаған кезде толыққанды тәуелсіздікке жете алмай жатқандардың саны аз емес. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр», - деп

әр онжылдыққа сипаттама береді. Төртінші онжылдықта президентіміз қуатты ел боламыз деп болжам жасады. Шарықтап даму үстіндегі мемлекет болғаннан кейін, бұл белесті де бағындыратын күнде алыс емес.

Тәуелсіздік үшін күрес, мәңгі күрес екенін ұмытпайық. Өскелең ұрпақ тәуелсіздікті сақтауға тәулік бойы еңбектенетініне сеніміміз мол. Бүкіл әлем Қазақстан құлпы жоқ, тесік қақпа емес екенін біледі. Сол себепті Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Мәңгілік!

*Азамат Саматұлы,  
Журналистика  
мамандығының  
2 курс студенті*

Қазақ радиосына - 100 жыл!

## Әуе толқынында – Қазақ радиосы...

«Алматы - дан сөйлеп тұрмыз! Әуе толқынында – Қазақ радиосы...». Бұл – әр қазақтаныс,

**QAZAQ  
RADIOLARY**

құлаққа жылы естілетін сөз. Өйткені радионың күнделікті жұмысыжағымды қоңыр дауыста айтылатын осы бір сөйлеммен басталады.

Ұзақ жылдардан бері қалтқысыз қызметімен ел ақпаратының ақ мылтығына, бастау бұлағына айналған қарашаңырақ – Қазақ радиосының эфирге шыққанына биылғы жылдың 1 қазанында 100 жыл толады. 1921 жылдың дәл осы күні Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының бастама-сымен Қазақ радиосы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбордан хабар таратқан болатын. Одан кейінгі ел астанасы болған Қызылорда қаласынан 5-6 жылдай әуе толқынына шығып, көп ұзамай Алматы қаласына, ал 2012 жылы Нұр-Сұлтан қаласына қоныстанды.

Ұлттың үні мен мұңын жеткізіп, ағартушысы бола білген радионың тарихы туралы күні кешеге дейін дәйексіз деректер айтылып келді. Профессор, ғалым Намазалы Омашевтың зерттеулері нәтижесінде тарих қайта жанданды деуге болады. Алғашқы граммафондардың халыққа таралуына үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұнов екенін ғалым өз еңбегінде атап өтеді.

Көптеген өнер майталмандары мен әдебиет-мәдениет дарабоздарының естелікке толы ең қымбат мұралары осы қасиетті де қастерлі қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталған. Ондағы 100 мыңнан астам жазбаның 91% -і цифрлық форматқа көшірілген.

1925 жылы Парижде өткен ЭКСПО көрмесінде ән салған алғашқы қазақ Әміре Қашаубаев екенін білеміз. Әлемнің өнерпаздары бас қосқан көрмеде күміс көмей, жезтаңдай әншікүміс жұлдеге ие болады. Оның орындауындағы «Балқадияш», «Дударай», «Ағашаяқ», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Бесқарагер» әндерін Сорбонна университетінің профессоры Пернофонограф құралына жазып алады. Бүгінде олар қазақ радиосының «Алтын қорында» сақтаулы.

Жалғасы 2-бетте ►

## ҒАСЫРДЫҢ БАТЫР АНАСЫ

Социалистік Еңбек Ері, Батыр ана Сәлима Жұмабекованың өмірі мен еңбек жолына арналған «Өмірі өнеге ғасырдың Батыр анасы» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты А.Әлназарова, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, т.ғ.д., профессор У.Бишімбаев, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д.Ф.Дәулет, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, т.ғ.д., профессор Қ.Бисенов, Қазақстанның Еңбек Ері, облыстық күріш өндірушілер және өңдеушілер қауымдастығының президенті А.Ералиев және

бірқатар белгілі тұлғалар, еңбек озаттары, ғалымдар мен жазушылар қатысты.

Еңбектен бақыт тапқан Сыр елінің батыр анасы С.Жұмабекованың өмірлік ұстанымы, еңбек жолының өнегесі, ел мен жерге деген адалдығын насихаттау шарасы алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.



2 бетте ►

«Қазақты өшіретін емес, өсіретін сөз керек»



4 бетте ►

Online оқу: бізге не үйретті?



5 бетте ►

13-ші ОЛИМПИАДАДА 13 КОМАНДА



Нұрғәре Жүсіп,  
ҚР Сенаты депутаты:

## «ҚАЗАҚТЫ ӨШІРЕТІН ЕМЕС, ӨСІРЕТІН СӨЗ КЕРЕК»

- Аға буын журналистер «Шерағанның шекпенінен, Сейдағанның мектебінен шықтық» деп жатады. Сіз сол қатарда барсыз ба немесе ұстаздарыңыз туралы аз-кем айтсаңыз.

- Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген соң жас маман ретінде жолдама алып, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің тілшісі ретінде еңбек жолымды бастадым. Қазір бұл газет «СарыАрқа самалы» деп аталады. Осы газетте жүргенде Айтжан Бәделханов, Төлеубек Қоңыров, Қажымұрат Смағұлов, Мұхаметжан Дәуренбеков секілді аға журналистер ұстазым болды. Университетте оқып жүргенде Ержұман Смайыл ағамыз студенттер арасынан өзі іріктеп, Бейбіт Сапаралы, Еркін Қыдыр, Баян Бекетова төртеуімізді «Лениншіл жас» газетінің ұстаханасынан өткізген болатын. Өндірісті өңірде өткізген жеті жылға жуық уақыт мені жас журналист ретінде шыңдап, қалыптастырды. «Социалистік Қазақстан» газетіне шыққан «Сазына дейін сары алтын» атты проблемалық мақаламды оқыған Шерхан Мұртаза осы газетке қызметке шақырды. Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз біз университетті бітіргенде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болды. Шер-Ағанның қол астында істеу – үлкен мәртебе. «Егемен Қазақстанның» Экономика бөлімінің редакторы, редакциялық алқа мүшесі болдым. Одан кейін «Егеменге» Әбіш Кекілбаев бас редакторлық етті. Әбекең де тамаша басшы болды. Өкінішке қарай, бұл қызметте ұзақ отырған жоқ. Одан кейін бас редакторлық тізгінін ұстаған Нұрлан Оразалиннің тұсында мен Бас редактордың Экономика және жарнама ісі жөніндегі орынбасары болдым. Қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ербол Шәймерденов те менің ақылшы ұстаз ағаларымның бірі болды.



«Егемен Қазақстанда» Мыңбай Ілес, Мамадияр Жақып, Кеңесхан Зәкен, Нури Муфтах, Аян Нысаналин, Көпен Әмірбектермен бір қатар, қоян-қолтық жұмыс жасадық. Сол кісілердің қай-қайсысы да өзіндік өнегесімен журналист ретінде қалыптасып, орнығуымызға септігін тигізді.

- Сіздің ойыңызша, бүгінгі журналистер ақпарат тарату мен мақала жазуда қай тұстан ақсап жатады?

- «Қазіргі журналистика пресс-релиздер журналистикасына айналып кетті» деген пікір бар. Мен де соған қосыламын. Жас журналистер ақпарат алуда сол баспасөз парақшасында берілген деректермен ғана шектеледі. Зерттеп, зерделеп жазу азайды. «Дайын асқа – тік қасық» ұстанымы қазақ журналистикасын өсірмейді. Аяқтан шалады. Сондықтан, нағыз журналист боламын деген адам ойлы дүниелер жазуға ұмтылуы тиіс. Біздің ұлттық журналистика елдік, мемлекеттік мәселелерден еш уақытта шет қала алмайды. Қазақты өсіретін сөз керек. Өшіретін сөзді екіншісі бірі жаза алады.

- Бір жазбаңызда «Суға, тарихқа, дінге қатты тереңдемеу керек» дегенсіз. Осындай мазмұны мол, мағынасы терең ойлар сізді жиі

мазалай ма?

- Бұл сөзді Қызылордаға келгенде айтқанмын. Дін мен тарих мәселесі – дау-дамайға әкеп соқпай тұрмайды. Неғұрлым тереңдеген сайын түйткілді тұстар көбейе береді. Соның бәрінің түбіне жету қиын. Қазақ «Өнбейтін дауды өспейтін бала қуады» дейді. «Суға тереңдемеңдер» деген сөзді айтқаным сол: сапарлас әріптестеріміздің бірі ғалым Аманқос Мектептегі Сырдың суына бетін шаямын деп, аяғы тайып кетіп, суға кетіп қала жаздады. Сондықтан осы үш нәрсеге тым терең демеу керектігі туралы тағы да қаперге саламын. Қазақтың бүгінгі мен ертеңіне қатысты ірілі-ұсақты ойлардың бәрі мені жиі мазалайды. Қазір «Фейсбук» деген жақсы болды. Басқа келген осындай ойларымды жаза қоямын. Біреу болмаса, біреуге ой салар. Жалпы, өзім «Тамшы тас теседі» деген қағидағты ұстанамын. Қазаққа қатысты ойларды қай-қайсымыз да ортаға сала беруіміз қажет. Түптің түбінде елдің кәдесіне жарайтынына бек сенімдімін.

- Салалық журналистикаға көшуге қалай қарайсыз?

- Журналистердің мамандануын, яғни белгілі бір саланы терең меңгеруін жақтаймын. Мен экономика саласын жазып, зерттеуге көбірек мамандандым. Сол сияқты кез келген тілшінің белгілі бір салаға кәсіби түрде мамандануын қолайлымын. Қазаққа заң саласын шемішкеше шағатын Нури Муфтах дейтін журналист болды. Кез келген заңгерді «орнына қоятын». Міне, осы кісілердің ізбасарлары керек. Журналистердің салалық жағынан мамандануы тек журналистиканы ғана емес, қоғамның да алға жылжуына ықпал етеді.

- Өңгімеңізге көп рахмет, аға!

Сұқбаттасқан  
Г.ЕСИМОВА

Басы 1 бетте

## Әуе толқынында – Қазақ радиосы...



Радиода әр жылдары Әміре Қашаубаев, Ахмет Жұбанов, Иса Байзақов, Шәкен Айманов, Әнуарбек Байжанбаев, Шәмші Қалдаяқов, Мұқағали Мақатаев, Ермек Серкебаев сынды біртуар тұлғаларымыз қызмет етті.

Әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдары ұнжарияның атқарған қызметін ерекше атап өтуге болады. Өйткені халық майдан даласындағы барлық қиыншылықтарды осы радиодан естіп, біліп отырды.

Қазіргі таңда «Қазақ радиосы» радиоарнасының қатары «Шалқар», «Астана» және «Classic» радиосымен толықты. «Қазақ радиолары» ЖШС құрамына біріккен төрт радио күнделікті тыңдармандарына әр қайсысы өз бағыты бойынша хабар таратады.

Әуе толқынынан хакім Абайдың қара сөздері, академик – жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», «Халық қаһарманы», жазушы – Бауыржан Момышұлының «Үшқан ұя», – Елбасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы дала Ұлағаттары», «Ой бөлістім халқыммен», «Жылдар мен ойлар», «Қазақстан жолы», Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке

туралы ой» кітаптарының аудионұсқасын тыңдауға болады.

Радионың көңіл көтерушілік функциясы тыңдарманға психологиялық эмоционалдық әсері жағынан да ыңғайлырақ. Жақсы көңіл-күй сыйлайды, демалдырады, білімінді молайтып, танымыңды кеңейтеді. Ал әуе толқынындағы музыка желісінде қазақ ән-күйлерінің алатын орны, үлес салмағы басымырақ болу керек екендігі өз-өзінен түсінікті. Сондықтан, ұлттық арна «Қазақ радиосы» мен «Шалқар радиосын» қосқанда қазақы үн мен әуезді, салт-дәстүрге бағытталған бағдарламаларды тыңдап, ерекше марқайып қаласың. Мәселен, «Зиялы қауым», «Инжу-маржан», «Алашнама» хабарлары, «Армандастар», «Замандас», «Тәулік тынысы», «Айтөбел», «Тұлға», «Елім менің» бағдарламаларында ұлттың маңызды мәселелері кенінен сөз болады.

Ал бір ғана «Қайырлы таң, Қазақ елі!» таңертеңгілік ақпараттық-көңілашар жанрындағы бағдарламада танымдық ақпараттар, әлем жаңалықтары, әсем ән, пайымды пікірлер мен келелі кеңестер, тұшымды ойларға орын беріледі.

Кешегі карантин уақытында да радио жаңаша жұмыс істеу тәсіліне көшіп, онлан сабақ, онлайн айтты, онлайн концерттер өткізді. Сондай-ақ коронавирус індетінің талдын алу мақсатында қазақстандық дәрігерлер мен шетелдік мамандардың пікірін қамтитын «Радио медицина» деген хабардың аудиториясы аз емес. Осының бәрі – радионың қай кезде де халықпен бірге екенін көрсетеді.

Жақында Қазақ радиосына Қызылорда қаласынан көше атауы берілді. Бұл – киелі шаңырақтың жүз жылдығына жасалған тағзым, көрсетілген құрмет. Жасай бер, ұлтымыздың ұнжариясы, Қазақ радиосы!

Жәния ТӨРЕБЕКОВА,  
Журналистика мамандығының  
2 курс студенті



ҰРПАҚ  
АЛДЫНДА ЗОР  
ЖАУАПКЕРШІЛІК  
СЕЗІНГЕН  
ҚАЛАМГЕР

Гуманитарлық-педагогикалық институты Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасына қарасты «Ә.Қоңыратбаев әдебиет үйірмесі» мен Қазанғап атындағы музыкалық колледждің ұйымдастыруымен Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, журналист Қазі Данабаевтың 70 жылдығына арналған «Бір жаным – бар қазақтың садағасы» атты еске алу кеші өтті.

Кешке университеттің оқытушы-профессорлары, студенттер мен колледж оқушылары қатысты. Профессор Ұ.Жанбершиева, ф.ғ.к. Г.Қамзаева, баспа ісінің магистрі А.Әбдіразақовалар өңірдің өзекті мәселесінен бастап, ұлттық проблемаларға дейін қалам тербеген публицист Қ.С.Данабайдың адами, азаматтық болмысын ашатын қырлары мен публицистикалық туындыларындағы, ертегілеріндегі адамгершілік, ұлттық мүдде, ұлттық намыс, мемлекетшілдік идеясын талдады. Тәрбиелік-тәлімдік мәні бар еске алу кеші құлақтың құрышын қандырар әсем әнмен жалғасты.

Тағылымы мен танымы зор кеш Сырдың қайсар қаламгерінің есімі мол рухани мұрасымен ел есінде сақтала беретіндігін дәлелдеді.

«СТ» ақпарат



## 13-ШІ ОЛИМПИАДАДА 13 КОМАНДА

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде журналистика мамандығы бойынша XIII республикалық пәндік олимпиада жүріп жатыр. Білім бәйгесі 22-23 сәуір күндері өтеді. Онлайн форматтағы сайысқа еліміздің 13 жоғары оқу орнынан үздіктер іріктеліп, бақ сынауда. Олимпиаданың ашылу салтанатында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы, ректор Идрисов Саламат Нұрмұқанұлы сөз сөйлеп, білім ордасындағы журналистика мамандығы студенттерінің жетістіктерін атап өтті және қатысушыларға сәттілік тіледі.

2019 жылы біздің университеттің журналистика мамандығының студенттері С.Торайғыров атындағы Павлодар университетінде өткен олимпиадада жүлделі бас жүлделі иемденіп, университет мерейін өсірді. Олимпиада ережесіне сәйкес, биыл республикалық доданы ұйымдастыру жұмысы бізге сеніп тапсырылды. Біздің университеттегі журналистика мамандығы 2001 жылы ашылды, содан бері оқу орны еліміздің БАҚ саласының дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген талай шәкірттерді

түлеп ұшырды. 200-ден астам студент оқитын біздегі Журналистика кафедрасында белгілі журналистер және білікті мамандар, ғалымдар дәріс береді. Бүгінгі XIII пәндік олимпиадаға еліміздің 13 жоғары оқу орнынан студенттер қатысуда. Қазақ үшін 13 – киелі сан. Сондықтан бұны жақсы үрдіске жорыған жөн. Бүгінгі олимпиада қатысушыларына сәттілік тілеймін!,- деді университет ректоры С.Идрисов.

ZOOM платформасындағы олимпиадаға ҚР Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігінің ресми өкілі Ақмарал Жансерікқызы қосылды. Ол министр Аида Ғалымқызының бүгінде журналист мамандарды әзірлейтін ЖОО-ның жұмысын назарға алып, олармен әріптестік байланысты нығайтқанын айта келе, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Таланттылар мен талаптылар сыңға түскен тартысқа Атырау облысындағы майталман журналистер баға береді. Олардың қатарында «Егемен Қазақстан» газетінің Атырау облысындағы меншікті тілшісі Жолдасбек Көшербайұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының Атырау облысындағы меншікті тілшісі

Жандос Темірғали сынды белгілі, кәсіби журналистер бар. Әділ қазылар алқасының төрағасы – «Сарайшық» журналының бас редакторы Исатай Балмағанбетов.

Олимпиада ережесіне сәйкес, сайыс 4 кезеңнен тұрады. Алғашқы сайыста студенттер өздерін таныстырып, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы негізгі ойды басты назарға алып, бейнеролик әзірлеуі тиіс. Регламентке сәйкес, 5 минуттан аспауы тиіс. Алғашқы турдың қорытындысы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің топтары үздіктер қатарында.

Екінші турда студенттер өздерінің жазу шеберліктерін көрсетіп, эссе жазса, келесі сайыста білім деңгейлерін анықтап, тест тапсырады. Ал қорытынды сайыста әр команда өздері шығарып, дайындаған газеттің PDF нұсқасын таныстырады. Соңғы екі тур олимпиаданың екінші күнінде жалғасады.

Бүгінде қатысушылар жарыс жолында.



## ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

12 сәуір Ғылым қызметкерлері күніне орай «Аймақта ғылымды дамытудың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел жұмысына облыстың еңбек ардагерлері, университет ғалымдары, профессор-оқытушылары мен білім алушылары, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, БАҚ өкілдері оффлайн және онлайн форматта қатысты.

Университеттің білікті профессор-оқытушылар құрамы «Аграрлық ғылым әлеуетін пайдалану – аймақтың агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізі», «Қазақстанда мемлекеттік-жеке әріптестікті қалыптастыру мен дамытудың әлеуметтік-экономикалық негіздері», «Сыр өңірінің рухани әлемін зерттеудің мәселелері», «Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық зерттеулердің келешегі», «Биолог мұғалімдерді кәсіби даярлау барысында оқу-зерттеу нәтижелерін коммерциялаудың теориясы мен әдістемесі», «Технология орошения древесных культур сточными водами города Кызылорда», «Экспериментальные и теоретические исследования в области ядерной физики» тақырыптарында баяндама жасап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін физика және математика кафедрасының профессорлары Ш.Ш.Ибраев ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Б.Қ.Қалиев ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатымен марапатталды.

Сондай-ақ Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ғылыми жобалар мен студенттердің зерттеу жұмыстарына табысты жетекшілік жасағаны үшін университет ғалымдары мен ғылыми қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен, «Үздік оқытушы» медалімен, университеттің Құрмет грамотасымен және ректордың Алғыс хатымен марапатталды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

**АТЫРАУ UNIVERSITY**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ «ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША XIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

22-23 сәуір 2021 Атырау қаласы

Эфирде – «Qyzylorda» телеарнасы!

## «QYZYLORDA» ТЕЛЕАРНАСЫ – АЙМАҚ АЙНАСЫ

Осыдан 30 жыл бұрын, яғни 1991 жылдың 30 сәуірінде Сыр елінің эфирінде тұңғыш рет облыстық телеарна өз қызметін бастады. Бүгінде IDTV, интернет арқылы Жер шарының кез келген нүктесінен Сыр өңірінің жаңалығын көріп, білуге мүмкіндігіңіз бар.

Бүгінде «Qazaqstan» ұлттық телерадио корпорациясының өңірлік филиалы болып саналатын «Qyzylorda» телеарнасы ел, аймақ жаңалықтарын жедел жеткізіп, көрермен сұранысын

қанағаттандыратын, талғамына сай танымдық туынды ұсынуда, тарихи, мәдени, рухани құндылықтарды дәріптеуде көштің басында келеді.

Әр кезеңнің өз талабы болатынын ескерсек, телевидение саласындағы әрбір эфирден берілетін хабар өзінің тура мағынасындағы уақыт үні іспетті. Сонау алғашқы «Жүздесу», «Көкейкесті», «Темірқазық» хабарларынан бастап, бүгінгі «Ozekjardy», «Үштаған», «Өмірдің өзі», «Aqiqat alany» бағдарламалары

көрермен көзайымына айналды. Кез келген оқиға орнынан инновациялық құрылғы – энкодер арқылы тікелей эфир трансляцияланып жүр. Реалити-шоу, трэвел шоу, телеэкспедиция форматындағы хабарлардың да көрерменге берері мол.

Өз аудиториясына сенімді, тексерілген, шынайы ақпараттарды ғана ұсынатын телеарна ұжымын құттықтаймыз!

Тыңдау мәдениеті биікке көтерілген елдің ұрпағының танымын тереңдететін туындыларыңыз көп болсын!

## ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы жанындағы «Журналист» үйірмесінің ұйымдастыруымен университеттің 2004 жылғы үздік түлегі, Лидс университетінің магистрі, журналист Нұрбек Амишамен кездесу өтті.

Еңбек жолын өңірдегі қоғамдық-саяси «Халық» газетінен бастаған, «Айқын» газетінің облыстағы меншікті тілшісі болған Н.Амиша –тележурналистика саласында да өзіндік қолтаңбасы бар маман.

Болашақ журналистердің мамандық туралы танымдарын кеңейту мақсатында ұйымдастырылған кездесуде тележурналист үшін маңызды мәселе, заман сұранысына сай болудың әдістері, әлемдік БАҚ-тың жұмыс істеу машығы, шетелде білім алудың ерекше-лігі, ережелері туралы сұрақтар төңірегінде әңгіме өрбіп, ақыл-кеңестер берілді.

Бетті дайындаған Жәния Төребекова



## ҮШ КӨЗДІ АДАМДАР ҒАЛАМҒА ҚАЖЕТ

Журналистиканың ерекше түрі – фотожурналистика. Фототілшілер арасында «Сіз түсірген суреттің егесі сол адамдардың өзі екенін ұқтыру керек» қағидасы бар. Яғни, дер кезінде шебер түсірілген сурет тарихтан да сыр шертеді, өткен күннің белгісі қызметін де атқарады.

«Фотография» дегеніміз грек тілінен аударғанда «фото – жарық, графия – жазамын, сызамын» деген мағынаны білдіреді.

1217-1294 жылдар аралығында ағылшын философы, натуралист Роджер Бэкон және 1279 жылы Джон Пенхам обскураның көмегімен күннің қозғалысын байқауға болатынын дәлелдеген.

1800 жылы оптика дамып, 1826 жылы алғашқы түсірілімді француз ғалымы Жозеф Нервс жасаған.

1839 жылы 7 қаңтар фотографияның туған күні ретінде арнайы бекітілді.

Фотография Қазақстанға 1841 жылдың 6 желтоқсанында келді деген мәлімет бар. «Жәңгір



мектебінің» ашылу салтанатына Жәңгірхан Ресейден арнайы фотограф шақыртып, осы мектепке алғаш қабылданған балалардың ортасында отырып түскен фотосуреті тарихта сақтаулы.

Қазіргі таңда әлем бойынша фотожурналистерді даярлайтын ең мықты үш университет бар. Гриффит, Огайо, Лондондағы өнер университеті. Әр университеттің өзіндік көне, қайталанбас тарихы бар. Оқу құны жылына 20 227 - 22 452 АҚШ долларын құрайды.

«Pentax» фирмасы сырты алтынмен жалатылған, қолтырауын терісімен қапталған фотоқұрал шығарды. Құрастырушылардың айтуынша аталған фотоқұрал шаң мен су өткізбейді. Бүгінгі күні оның құны 11 500 еуроға бағалануда.

1992 жылдан бері Елбасының жеке фотографы атанған Иосиф Будневичтің фотосуреттерінің саны 140 мыңнан асады.

## Жастардың жасағаны «хайп», жинағаны лайк...



Осы пікірді жиі еститіміз шындық. Жастар тілінде жиі қолданылатын заманауи жаңа терминдерге шолу жасап көрсек...

Хайп дегеніміз – шу шығару, таңқалдыру арқылы жарнама жасау, ел назарын өзіне аудару, халықтық

талқыға түсетін іс-әрекет жасау, яғни заман трендіндегі сәннен қалмау. Ағылшынның «High Yield Investment Program» деген бірнеше сөзінің қысқарған түрі, алғашында «табысты, пайдалы инвестициялық жоба» деген мағына берген. «Хайп» тарихы ХХ ғасырда АҚШ-тан бастау алады. Американдық медиамаман Дуглас Рашкоффтың жазуынша, мұның түпкі мағынасы тері астындағы ине дегенді білдіреді. Яғни 1920 жылдары бұл сөзді тек есірткіге тәуелділерге қатысты қолданған.

Тренд – ағылшын сөзі, «үрдіс» деп аударылады. Белгілі бір бағыт немесе салада орын алған өзгеру үрдісі. Трендте болу дегеніміз – белгілі бір саладағы ең соңғы өзгерістерден хабардар болып, соның ағымына сай жүріп-тұру.

Бренд – ағылшын сөзі, «таңба», «таңбалау», «ен қою» деп аударылады. Скандинавия тілінде «branna» - күйдіру, шведтерде «brand» – от деген мағына береді екен. Өзінің даралығын көрсететін сауда белгісі немесе таңба.

Вайн – 2-20 секунд аралығында өмірдің түрлі сәттерін бейнелейтін бейне түсірілім, бейнетуынды. Вайнер – вайн түсіретін адам.

Респект – ағылшын сөзі, аудармасы – «құрметтеу». Ризашылық сезімін білдіру.

Фейк – «өтірік, жалған, алдамшы» деген мағынадағы ағылшын сөзі. Желіде тіркелген жалған парақшалар, сайттар, өтірік жаналықтар мен мәліметтерді атап жүрміз.

Пранк – адамды алдай отырып әзілдеу, қалжың ойын.

Лайфхак – ағылшын сөзі, «life» – өмір, «hack» – бұзу деген мағына береді. IT-тер ортасында 1980 жылы қолданыла бастаған. Бұл әртүрлі пайдалы кеңестер мен айла-амалдардың көмегімен мақсатқа жетудің жолын жеңілдету үшін қоршаған өмірді «бұзу» әдістерінің жиынтығы. Уақытты, күш пен ақшаны үнемдеудің, тұрмыстық жағдайдағы кей іс-әрекеттерді оңайлатудың жолдарын көрсету.

Хай-тек – ағылшын сөзі, «hi-tech» - архитектура және дизайн стилі. Жоғары технологияны да хай-тек деп атап жүрміз.

Треш – қазіргі заманғы өнердің бағыты. Қасақана дәрекілік пен штамптылықпен ерекшеленеді, бұқаралық мәдениетті пародиялайды.

Челлендж – бейнекамера алдында белгілі бір тапсырманы орындай отырып, оны ғаламторға салу арқылы келесі бір адамға жалғастыру үшін ұсынатын интернет-роликтің бір түрі.

Терминдерге шолу жасаған

## ОНЛАЙН ОҚУ: БІЗГЕ НЕ ҮЙРЕТТІ?

Бір жылдан астам уақыт болды, жалғыз отандық емес, әлемнің жоғары оқу орындарының барлығы дерлік онлайн білім беру жүйесіне көшті. Бастапқыда үйренісе алмағанымыз рас. Десе де, қашықтан оқытудың зиянынан бөлек пайдасын да көре білген дұрыс сияқты. Оқығысы келетін, білімге ұмтылатын студенттің онлайн болсын, мейлі оффлайн болсын, өзінің міндеттеріне жауапкершілікпен қарай алатындығына да көз жеткіздік.

Онлайн жүйеде сабақ берудің әдіс-тәсілдері жетілді, мультимедиялық технологияларды тиімді қолдануды, цифрлық оқу материалдарын қолдануды үйрендік. Сонымен бірге уақытты дұрыс, жүйелі жоспарлаудың, ғаламтордағы әдебиеттерді пайдаланудың талаптарымен таныстық. Қаржы үнемдеуді меңгердік: студенттердің бұрын тұратын жеріне, күнделікті жолақысына кететін шығындары қысқарды. Ғылыммен айналысуға, білімді арттыруға мүмкіндік туды. Отбасымен бірге өткізетін уақыт көбейді, бауырмалдылық қасиетіміз оянды...

Онлайн жүйедегі білім алу барысын жақсартудың жолдарын қарастыру мақсатында әртүрлі мамандық студенттерінен блиц-сауалнама алдық.

**1.Онлайн оқудың сіз үшін пайдасы мен зияны?**

**2.Болашақ мамандығыңызды игеруге кері әсері болады деп ойлайсыз ба?**

**3.Білім алуда Сіз үшін қандай платформа тиімді?**

**Жасұлан Тарғынов (Фин-17-1 оқу тобының студенті):**

1.Онлайн оқудың мен үшін пайдасы: компьютерде жұмыс істеуді жақсырақ меңгердім, өзіме қажетті ақпараттарды сараптауды үйрендім. Ал зиян тұстары 4-5 сағаттап ұялы телефонға, компьютерге телміріп отыруымыз. Бұл көзімізге де денсаулығымызға да зиян.

2.Теориялық білімді практикалық сабақта тереңірек мысалдар арқылы меңгеретінбіз. Бір-бірімізбен пікірталасамыз, біріміздің ойымызды екіншіміз толықтырамыз және өзіндік тұжырым жасауды үйренеміз. Бастысы қарым-қатынас жасауды үйренетінбіз. Болашақ маман ретінде осы мәселеде әсері болады ма деп ойлаймын.

3.Мен үшін платонус платформасында білім алу тиімді, дегенмен жұмыс істемей қалатын кездері баршылық.

**Талап Асқаров (Б-17-1 оқу тобының студенті):**

1.Денсаулық мәселесі үшін вирус жұқтыру ықтималдылығы төмендейді. Қазір эпид ахуал өршіп бара жатқандықтан онлайн оқу керек деп ойлаймын. Бізде ғана емес, шет елдерде де қашықтан білім алуда. Үйде бауырларыммен, жақындарыммен көбірек бірге болуға мүмкіндік алдым. Ал зиянына келер болсам, оқу бағдарламасы бойынша зертханалық жұмысты толыққанды үй жағдайында орындай алмайтындығымыздан көрінеді.

2.Әсері тиюі мүмкін. Дегенмен жақсы маман боламын деген білім алушыға аса бір қатты қиыншылық тудырмайды деген ойдамын.

3.Мен үшін Zoom және Classroom платформалары өте ыңғайлы.

**Бексұлтан Пірмағанбет (ТМО-17-1 оқу тобының студенті):**

1.Мен үшін қашықтан оқудың пайдасынан зияны көбірек. Себебі өнер саласына қатысты мамандықтар үшін онлайн оқудың қиындығы көбірек болды. Өзім оқитын мамандық үшін офлайн білім алу өте керек дер едім.

2.Болашақ маман үшін міндетті түрде әсері болады. Ұялы телефонның әр жағынан жартылай ғана үйренеміз. Баяғы оқу жүйесіне тезірек оралсақ деген тілек бар.

3.Ыңғайлы болған платформа Zoom және Classroom қосымшалары болды. Жасыратыны жоқ алыс ауылдарда тұратын студенттер үшін біршама қиындықтар кездесті.





**Абайды аңсау**

Қалам алып өлең жазу – арманым,  
Жүрегімде шиырланған шумақ бар.  
Сәл ойланып, Абайға жыр арнадым,  
Шабыт шырқа, дана жайлы сыр ақтар.

Әрбір сөзі, әр өлеңі Абайдың,  
Ұлылығын ұлттың сөзбен жеткізген.  
Тұла бойы толған шер мен талай мұң,  
Тек «адам бол» деп тіледі ол бізден.

Ұрпақ бүгін үлгі алды тұлғадан,  
Жаңғыруда жарықтықтың есімі.  
Күдіретің күшті неткен қыл қалам?!  
Тербеледі жырмен жұрттың бесігі.

Ақын болсам «ұқсап бағар» Абайға,  
Шабытымды шашыратпай, шын айтып.  
Талпынамын, мақсатыма қалай да,  
Ой салармын, көп көңілді мұнайтып.

**ҚОЙШЫБАЙ Диас Бақытжанұлы**  
№278 ІТ мектеп-лицейінің  
ІІ сынып оқушысы



**Адамдыққа шақыру**

Бара жатса көтере алмай бір затын,  
Адамдарға көмек беріп жүр жақын.  
Үлкен тұрып сен отырсаң егер де,  
Әдептіге біле білсең бұлда – сын.

Жол берейік жасы үлкен кісіге,  
Қамқор болып жүрген дұрыс кішіге,  
Адамдықты, білімдікті ту етіп,  
Сөз қадірін ұғу керек түсіне.

Өтірік сөз өрге баспас біліңіз,  
Не болса да шындықты айтып жүріңіз.  
Мысқыл күлкі жаралайды жаныңды,  
Күлсеңіз тек шын көңілмен күліңіз.

Жүрсек кісі ала жібін аттамай,  
Көрмей, білмей сөкпе ешкімді даттамай,  
Өзге түгіл сыйламасаң өзінді,  
Ренжімегін, қонбай жүр деп бақ қалай.

**ТЕМІРҒАЛИ Оразкүл**  
Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың 2 курс  
студенті



**Тәуелсіздік тұғырыңнан айналдым**

Қыран құсы мәңгі көкте қалықтар,  
Өн бойында ұлтжанды қалып бар.  
Көк бөрінің ұрпағы боп жалғасқан,  
Жер бетінде қазақ деген халық бар.

Айдынында жүзген мәңгі аққуы,  
Күн көгінде желбіреген көк туы.  
Ән ұраның шырқалсыншы биікте,  
Елтаңбаның биік болсын шоқтығы.

Жерұйығы болған сан мың ұлтыңның,  
Тебірендің жүрегім ау бұлқындың,  
Бірлік туын бекем ұстап қашанда,  
Тәубе етемін келгеніне бұл күннің.

Қазағымның нығайған бұл елдігін,  
Бауырластар кеше көрген ерлігін.  
Құшақ ашып, дос болғанға қас қылмай,  
Көрсетті ғой қай кезде де кеңдігін.

Табан асты қылмай қазақ тілімді,  
Оян қазақ деп күттік қой күніңді.  
Өз бөбегім өзге тілде сайраса,  
Құрғұр жүрек, қарсы айырылды тілінді.

Бастарына кітап қалам жастайтын,  
Еңселі елдің еңсесінен баспайтын.  
Ұрпағымыз өссін өрбіп мәңгілік,  
Ұлтымызды мәңгі алға бастайтын.


Мәңгілік ел ірге тасын қалаған,  
Ат салысқан болашаққа бар адам.  
Өз жұртым деп, өз елім деп сезініп,  
Жауапкершіл көзқараспен қараған.

Тәуелсіздік тұғырыңнан айналдым,  
Бағы болып ел басына байландың.  
Қазақстан атың мәңгі асқақтап,  
Өз алдына дербес елге айналдың

Күн артынан күндер өтіп көшеді,  
Қазақ елі мәңгілікке өседі  
Аңсап өткен күнге жеттік шүкірлік,  
Желтоқсанның боздақтары кешегі.

**Мақсат Қосымбай**  
Журналистика мамандығының  
3 курс студенті

**АДАЛДЫҚ - АРДЫҢ ІСІ**



Адалдық – адамгершіліктің аса маңызды талаптарының бірін бейнелейтін моральдық қасиет. Адам бойындағы асыл қасиеттің бірі де осы – адалдық.

Есту қабілеті - мысықтан, иісті сезу қабілеті – иттен артық, ауа-райының өзгеруін бірнеше күн бұрын алдын-ала білетін жылқы малының иесіне адалдығы болмаса батырларымыз соғыс даласында өлім құшқан болар еді.

Егер аққу өз сыңарына адал болмаса, біз, оларды «махаббат» символына теңемес едік.

Егер Ұлы Отан соғысы жылдарында ата-бабаларымыз отан алдындағы борышы мен антына адал болмаса, біз бейбітшілікте өмір сүрудің не екендігін білмес те едік.

Егер өз саласының мамандары жұмысы мен міндетіне адал болса, жүрегімізді жаралаған оқиғалар орын алып, сәбилер өртке оранбас еді!

Елдігін де, кеменгерлігін де сөзге сыйғызған Абай атам адам баласын қор қылатын үш нәрсе

бар екенін айтады. «Әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшінші – залымдық» - деп, осылардан қашпақ керектігін айтады. Осындағы «залымдық» сөзінің синонимі арамдық, арсыздық болса керек. Арамдық - адалдықтың антонимі. Ал, адалдық пен ұят егіз ұғым.

Жерлесіміз, қазақтың Қалтай Мұхамеджановы: «Ажарсыз болып туғаныңа өкінбе, арсыз болып туылғаныңа ұял!»-дейді. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадайтыны сияқты адам бойындағы асыл қасиеттің бірегейі адалдықпен қатар әділдік, шыншылдық, мейірімділік, ұят та қажет.

Өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы, адал ұрпақпен кеңеймек. Бүгінде материалдық құндылыққа көбірек мән беретін жас көбейіп тұрған тұста назарын адам бойындағы «адалдық» деген қасиетке аудару аса қажет. Себебі адалдықтың мағыналық ауқымы кең. Ұлтына адалдық, рухани мұрасына адалдық, еліне адалдық, кәсібіне адалдық, мамандығына адалдық, антына адалдық...

Тағы да Абай атам айтқан «дәрі ащы болса да дертті жазады» дегені сияқты яғни, қиын болса да әділдік пен адалдықтың қайтымы жаратқан иемнен болатыны да шындық.

**ӘБИМОЛДА Азамат**  
журналистика мамандығының 2-курс  
студенті

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Б.С.КӘРІМОВА** -  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
Басқарма Төрағасы-Ректоры  
**А.Т.ЖҮНІСОВ** -  
оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор  
**Ж.Н.БАЗАРТАЙ** -  
әлеуметтік және тәрбие жұмыстар жөніндегі проректор  
**Ғ.Ә.ТҮЯҚБАЕВ** - қазақ тілі мен әдебиеті және  
журналистика кафедрасының меңгерушісі

**Газет тілшілері:**

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы «Журналист» үйірмесінің мүшелері



Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

**Бас редактор:**  
**Қ.Ә.Омаров**